

## Инвестордың құқығын қорғау туралы Конвенцияны бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 30 желтоқсан N 24-II

Мәскеуде 1997 жылғы 28 наурызда жасалған Инвестордың құқығын қорғау туралы Конвенция бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

## Инвестордың құқығын қорғау туралы

### Конвенция

### Ресми куәландырылған мәтін

*Қол қойғандар:*

*Әзірбайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Грузия, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы*

*Хабарлама берді:*

*Молдова Республикасы - 2002 жылғы 3 қыркүйекте депонирленген;*

*Ратификациялық грамоталарды тапсырды:*

*Беларусь Республикасы - 1997 жылғы 18 желтоқсанда депонирленген;*

*Тәжікстан Республикасы - 1998 жылғы 13 қаңтарда депонирленген;*

*Армения Республикасы - 1998 жылғы 23 желтоқсанда депонирленген;*

*Қазақстан Республикасы - 2000 жылғы 17 сәуірде депонирленген;*

*Қырғыз Республикасы - 2000 жылғы 12 маусымда депонирленген.*

*Конвенция 1999 жылғы 21 қаңтарда күшіне енді*

*Келесі мемлекеттер үшін күшіне енді:*

*Беларусь Республикасы - 1999 жылғы 21 қаңтарда;*

*Тәжікстан Республикасы - 1999 жылғы 21 қаңтарда;*

*Армения Республикасы - 1999 жылғы 21 қаңтарда;*

*Қазақстан Республикасы - 2000 жылғы 16 мамырда;*

*Қырғыз Республикасы - 2000 жылғы 11 шілдеде;*

*Молдова Республикасы - 2002 жылғы 2 қазанда.*

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын осы Конвенцияға қатысушы мемлекеттер, инвестордың құқығын қорғауды Тараптардың экономикасын дамытудың қажетті

ш а р т т ы    д е п    с а н а п ,

Тараптардың ұлттық экономикасына инвестицияларды тартуға жәрдемдесе,  
1993 жылғы 24 қыркүйектегі Экономикалық одақ құру туралы шартты басшылыққа  
а л а    о т ы р ы п ,

1993 жылғы 24 желтоқсандағы Инвестициялық қызмет саласындағы ынтымақтастық  
туралы    к е л і с і м д і    д а м ы т у    ү ш і н ,  
ортақ инвестициялық кеңістік құруға және инвестицияларды тартуға байланысты  
мәселелерде    к е л і с і л г е н    к ө з қ а р а с қ а    ұ м т ы л а    о т ы р ы п ,  
төмендегі туралы уағдаласты:

## **I бөлім. Жалпы ережелер**

### **1-бап. Негізгі терминдер**

Осы Конвенцияның мақсаты үшін мынадай терминдер қолданылады:  
Инвестор - өзінің, заемдық немесе тартылған қаражатын инвестициялар нысанында  
салуды жүзеге асыратын мемлекет, заңды немесе жеке тұлға;

Инвестициялар - инвестордың пайда (кіріс) алу немесе әлеуметтік тиімділікке қол  
жеткізу мақсатында, егер олар Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес айналымнан  
алынып қойылмаған немесе айналымда шектелмеген болса, қызметтің түрлі  
объектілеріне салған қаржы және материалдық қаражаты, сондай-ақ мүліктік және  
интеллектуалдық    м е н ш і к к е    б е р г е н    қ ұ қ ы қ т а р ы ;

Инвестициялардың шыққан елі - аумағында инвестор - заңды тұлға немесе инвестор  
- жеке тұлға болып табылатын азамат тіркелген мемлекет;

Реципиент ел - аумағында инвестициялау объектісі бар мемлекет;

Заттық құқық - мүлікті иелену, пайдалану және билік ету құқығы.

### **2- бап. Конвенцияның қолданылу аясы**

Осы Конвенция Тараптардың аумағында тіркелген инвестициялардың алуан түрін  
жүзеге асырудың құқықтық негіздерін және инвесторлардың инвестицияларды жүзеге  
асыруға арналған құқықтарының және олардан алатын кірістерінің кепілдіктерін  
а й қ ы н д а й д ы .

Осы Конвенциямен айқындалған нормалар мен ережелер инвестициялау процесіне  
екі және одан да көп мемлекеттік құқықтық қатынастар субъектілері қатысқан  
ж а ғ д а й д а    қ о л д а н ы л а д ы .

Инвестордың қызметі мен оның құқықтарын қорғауға байланысты мәселелерді  
реципиент елдің уәкілетті мемлекеттік органдары жүзеге асырады.

Осы Конвенцияның қолданылуына байланысты мәселелерді үйлестіру функциясын  
Тәуелсіз мемлекеттер Достастығы органдарының тарапынан Экономикалық одақтың  
Мемлекетаралық экономикалық комитеті (бұдан әрі - МЭК) жүзеге асырады.

### **3-бап. Инвесторлар**

Тараптардың да, сондай-ақ егер Тараптардың ұлттық заңдарында өзгеше көзделмесе, үшінші елдердің де мемлекеттері, заңды және жеке тұлғалары инвесторлар бола алады.

#### **4-бап. Инвестицияларды жүзеге асырудың нысандары**

Инвестордың инвестицияларды реципиент елдің заңдарымен тыйым салынбаған кез келген әдістермен жүзеге асыруға құқығы бар.

Реципиент ретіндегі Тараптың инвестициялық жобаларға экологиялық, монополияға қарсы және басқа да талаптардың сақталуына сараптама жүргізуге құқығы бар.

#### **5-бап. Инвестицияларды жүзеге асырудың құқықтық режимімен заңдардың өзгеруі кезіндегі кепілдіктер**

Инвестицияларды жүзеге асырудың жағдайлары, сондай-ақ жүзеге асырылған инвестицияларға байланысты инвесторлар қызметінің құқықтық режимі реципиент елдің заңдары белгілей алатын алып қоюларды қоспағанда, реципиент елдің заңды және жеке тұлғалары үшін, инвестицияларды жүзеге асырудың жағдайлары мен оларға байланысты қызметтің режимінен кем қолайлылықта бола алмайды.

Тараптар алып қоюлардың тізбесін қайта қарауға қақылы. Мұндай жағдайларда олар осы өзгерістер туралы МЭК-ке хабарлайды.

Тараптар инвестицияларды тартудың мейлінше жеңілдікті жағдайлары енгізілетін салаларға, қызмет түрлеріне және аймақтарға қатысты басымдықтардың тізбесін а й қ ы н д а у ғ а қ а қ ы л ы .

Егер осы Конвенция күшіне енген соң Тараптар инвестицияларға қатысты заң нормаларын өзгертетін болса, олар бір немесе бірнеше мүдделі Тараптың пікірі бойынша инвестициялық қызметтің жағдайлары мен режимін нашарлататын болса, бұл мәселе Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Экономикалық Сотының және немесе өзге де халықаралық соттардың немесе халықаралық төрелік соттарының қарауына е н г і з і л у і м ү м к і н .

Аталған соттар инвестициялық қызметтің жағдайлары мен режимін нашарлататын фактіні растаған шешімдерді енгізуі кезінде аталған заң нормаларының күші олар қабылданған сәтінен бастан тоқтатыла тұрады (яғни егер бұл нормалар қабылданбағандағы осындай жағдайлар мен режим сақталады) және осы Конвенцияға қайшы келмеуі бөлігінде және шартында шешімдерді енгізу күнінен бес жыл өткен сәттен бастап қайта басталады. Бұл ереже қорғанысқа, ұлттық қауіпсіздікке, қоғамдық тәртіпті сақтауға, табиғи ортаға, халықтың адамгершілік және денсаулығына, салық салуға, сондай-ақ алып қоюлардың тізбесіне қатысты заңдарды өзгертуге қолданылмайды.

#### **6-бап. Реципиент елдің алып қоюлары мен басымдықтарының тізбесі**

Алып қоюлардың тізбесінде Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес

жекешелендіруге, акционерлендіруге немесе меншікті мемлекет иелігінен алудың өзге де нысандарына жатпайтын салалардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың атаулары б о л а д ы .

Басымдықтар тізбесі инвестицияларды тартудың жеңілдікті жағдайлары енгізілетін салаларды, кәсіпорындарды, ұйымдарды, қызметтің түрлері мен аймақтарды белгілейді .

Басымдықтар мен алып қоюлардың тізбелері Тараптар мен МЭК-тің ресми басылымдарында жариялауға жатады.

## **II бөлім. Инвестицияларды қорғаудың мемлекеттік кепілдіктері**

### **7-бап. Инвестициялық қызметті құқықтық реттеу**

Инвестицияларды жүзеге асыруға және оларға орайласты инвесторлардың қызметіне байланысты қатынастар осы Конвенциямен, Тараптардың ұлттық заңдарымен, сондай-ақ өздері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттармен реттеледі.

### **8-бап. Инвестицияларды құқықтық қорғау**

Тараптардың аумағында инвестицияларға осы Конвенциямен, Тараптардың ұлттық заңдарымен, сондай-ақ өздері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттармен қамтамасыз етілетін сөзсіз құқықтық қорғау жасалады.

### **9-бап. Инвестицияларды инвестордың құқықтарына нұқсан келтіретін национализациялаудан, реквизициядан, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың шешімдері мен әрекеттерінен (әрекетсіздіктерінен)**

#### **қорғаудың кепілдіктері**

Инвестициялар бұл шаралар реципиент елдің Негізгі заңында (Конституциясында) көзделген қоғамдық мүдделерде қолданылатын Тараптардың ұлттық заңдарында көзделген ерекше жағдайларды (табиғи зілзалалар, авариялар, эпидемиялар, эпизоотиялар мен төтенше сипаттағы өзге де жағдайлар) қоспағанда, национализациялауға жатпайды және реквизицияға ұшырамайды. Национализациялау мен реквизиция инвесторға баламды өтем төлеусіз жүргізілмейді.

Инвестицияларды национализациялау немесе реквизиция туралы шешімдер реципиент елдің ұлттық заңдарында белгіленген тәртіппен қабылданады.

Мемлекеттік органдардың национализациялау немесе реквизиция туралы шешімдеріне реципиент елдің ұлттық заңдарында белгіленген тәртіппен шағым ж а с а л у ы м ү м к і н .

Инвестор өзіне мемлекеттік органдардың не лауазымды тұлғалардың реципиент елдің заңдарына және халықаралық құқық нормаларына қайшы келетін шешімдерімен және әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) өзіне келген залалдың өтелуіне құқығы бар.

### **10-бап. Инвесторға келтірілген залал үшін өтем**

Инвесторға келтірілген залал үшін өтем инвестиция жүзеге асырылған валютада төленеді. Өтем мөлшерін және оны төлеуді айқындаудың тәртібі реципиент елдің ұлттық заңдарымен белгіленеді.

Осы Конвенцияның 9-бабының төртінші бөлігіндегі көрсетілген жағдайда залалды өтеу реципиент елдің ұлттық заңдарының нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

### **11-бап. Инвестицияларды жүзеге асыруға байланысты туындайтын дауларды шешудің тәртібі**

Осы Конвенцияның шеңберіндегі инвестицияларды жүзеге асыру жөніндегі дауларды қатысушы мемлекеттердің соттары немесе төрелік соттары, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Экономикалық Соты және немесе өзге де халықаралық соттар немесе халықаралық төрелік соттар қарайды.

### **12-бап. Кірістерді пайдаланудың кепілдіктері**

Бұрын жүзеге асырылған инвестициялардан ақшалай нысанда алынған кірістерден салықтар мен алымдарды төлеген соң Конвенцияның қатысушы реципиент елінің ұлттық заңдарына сәйкес инвесторға:

инвестициялардың шыққан елінің валютасындағы немесе реципиент елдің валютасындағы кірістерді инвестициялау және қайта инвестициялау мақсатына, сондай-ақ реципиент елдің аумағында тауарлар сатып алуға пайдалануға;

реципиент елдің валютасындағы кірістерді реципиент елдің ішкі валюта рыногында Тауарлардың өзге де валютасын сатып алуға пайдалануға;

кірістерді инвестордың қалауы бойынша кез келген елге кедергісіз аударуға кепілдіктер беріледі.

Бұрын жүзеге асырылған инвестициялардан заттай нысанда алынған кірістерден салықтар мен алымдарды төлеген соң Конвенцияның қатысушы реципиент елінің ұлттық заңдарына сәйкес инвесторға:

аталған кірістерді реципиент елдің аумағында инвестициялау және қайта инвестициялау мақсаттарына пайдалануға;

тауарларды осы Конвенцияның және реципиент елдің халықаралық шарттарының ережелерін ескере отырып реципиент елдің заңдарында белгіленген тәртіппен реципиент елдің кеден аумағының шегінен тысқары әкетуге кепілдік беріледі.

Осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес қаражатты аудару реципиент елдегі валютаның аудару күніндегі қолданылатын ресми айырбастау бағамы бойынша жүзеге асырылады.

Реципиент ел жүзеге асырылатын инвестициялардан түсетін кірістерді банкроттыққа

, төлем жасау қабілетсіздігіне, сондай-ақ кредитордың құқықтарын қорғауға қатысты жағдайларда осы инвестициялардың шыққан еліне немесе басқа да елдерге аудару жөніндегі заңдардың қолданылуын шектей алады.

### **13-бап. Мүліктер мен тәуекелдерді сақтандыру**

Тараптардың инвестицияларымен кәсіпорындардың мүліктері мен тәуекелдерін сақтандыру реципиент елдің заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

## **III бөлім. Инвесторлардың акциялар мен өзге де бағалы қағаздарды сатып алуы. Инвестордың жекешелендіруге қатысуы**

### **14-бап. Инвесторлардың акциялар мен өзге де бағалы қағаздарды сатып алуы**

Инвестор реципиент елдің заңдарына сәйкес шаруашылық жүргізу субъектілері мен басқа да элементтердің акциялары мен өзге де бағалы қағаздарын, оның ішінде мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуға қақылы.

Реципиент елдің қор рыногында айналыста болатын акциялар мен бағалы қағаздарды инвестор реципиент елдің валютасында немесе егер реципиент елдің заңдарымен өзгеше көзделмеген жағдайда өзге валютада сатып ала алады.

### **15-бап. Инвестордың жекешелендіруге қатысуы және оның құқықтарының қорғалуы**

Инвестор мемлекеттік және муниципалдық меншіктегі объектілерді жекешелендіруге реципиент елдің заңдарымен айқындалатын жағдайлар мен тәртіпте қ а т ы с а а л а д ы .

Егер объектіні инвестициялауға инвестор қатысқан жағдайда объектіні жекешелендіру туралы шешімнің күшін жою, сондай-ақ жекешелендірудің тәртібі мен тәсілін өзгерту, сондай-ақ жекешелендіру жөніндегі мәмілелерді бұзу сот тәртібімен жүзеге асырылуы мүмкін.

### **16-бап. Жекешелендіру процесін ақпараттық қамтамасыз ету**

Тараптар жекешелендіру жүргізу кезінде мына мәселелер бойынша бір-біріне: жекешелендірудің мәні туралы; жекешелендіру барысы туралы, оның ішінде аукциондар, конкурстар, оларды өткізу орны мен уақыты туралы, жекешелендірілетін кәсіпорындар туралы; аукциондарды, конкурстарды өткізудің жоспар-кестелері туралы; жекешелендірілетін кәсіпорындардың акцияларын сатып алудың тәртібі туралы; жекешелендіру объектілерін сатудың барысы туралы; сатуға енгізілетін мейлінше маңызды объектілер туралы; жекешелендіру объектілерін алдағы сатулар туралы ақпарат беруге міндеттеме алады.

## **17-бап. Жекешелендірілетін мүлікке меншік құқығын ресімдеу**

Жекешелендіру процесінде мемлекеттік және муниципалдық мүліктерді сатып алу инвестор мен жекешелендірілетін мүлікті сатушы функциясын жүзеге асыратын тұлғаның арасында жасалатын сатып алу-сату шарттарының негізінде жүзеге асырылады.

Жекешелендірілетін кәсіпорындардың акцияларын сатып алу-сату шарттары реципиент елдің заңдарымен айқындалатын тәртіппен тіркелуге жатады.

Жекешелендіру процесінде мемлекеттік және муниципалдық мүліктерді сатып алудың өзге тәртібіне жол берілмейді.

## **ІҮ бөлім. Инвестордың жерге, өзге де табиғат ресурстарына заттық құқықтарды және басқа да мүліктік құқықтарды сатып алуы**

### **18-бап. Жерге және өзге де табиғат ресурстарына заттық құқықтар**

Инвестордың жер учаскелеріне, өзге де табиғат ресурстарына және жылжымайтын мүлікке заттық құқықтарды сатып алуы реципиент елдің заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

### **19-бап. Шетел инвесторымен жасалатын концессиялық шарттар, өнімді бөлу туралы келісімдер**

Инвесторға реципиент елдің мемлекеттік монополиясына жататын табиғат ресурстарын пайдалануға және қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған құқықтарды, сондай-ақ реципиент елдің мемлекеттік меншігіндегі объектілерді пайдалануға байланысты кәсіпкерлік құқықтарын беру реципиент елдің заңдарында белгіленген тәртіппен жасалатын концессиялық шарттарға, өнімді бөлу туралы келісімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

### **20-бап. Мүлікті жалға беру**

Инвесторға реципиент елдің азаматтары мен заңды тұлғаларының мүліктерін, реципиент елдің мемлекеттік меншіктегі объектілерін жалға беруі және инвестордың реципиент елдегі өзінің мүлкін жалға өткізуі, сондай-ақ осындай шарттық қатынастарды бұзу реципиент елдің заңдарында белгіленген тәртіппен жағдайларда жүзеге асырылады.

## **Ү бөлім. Қорытынды ережелер**

### **21-бап. Конвенцияның халықаралық шарттармен арақатынасы**

Осы Конвенцияның ережелері Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардың ережелерін қозғамайды.

## **22-бап. Екітарапты келісімдер**

Осы Конвенция Тараптардың инвестордың құқықтарын қорғайтын екітарапты келісімдер жасасуы үшін негіз бола алады.

Қажет болғанда Конвенцияның жекелеген ережелері екітарапты келісімдерде нақтылануы мүмкін.

## **23-бап. Конвенцияның күшіне енуінің тәртібі**

Осы Конвенция оған қол қойған Тараптардың өздерінің мемлекетішілік рәсімдеріне сәйкес бекітуіне жатады және үшінші бекіту грамотасын депозитарийге сақтауға өткізген күннен бастап 30-ыншы күні күшіне енеді. Оны кейінірек бекіткен Тараптар үшін Конвенция олар өздерінің бекіту грамоталарын депозитарийге сақтауға өткізген соң 30-ыншы күні күшіне енеді.

## **24-бап. Конвенцияның қолданылу мерзімі**

Осы Конвенция өзі күші енген күннен бастап 10 жыл бойы қолданылады. Осы мерзім өтуі бойынша Конвенция, егер Тараптар өзге шешім қабылдамаса, өзінен-өзі әрбір ретте жаңа 10 жылдық кезеңге ұзартылады.

Мүмкін болатын даулар мен талаптарды, оның ішінде материалдық сипаттағыларын шешу мақсаты үшін осы Конвенцияның ережелері шыққан Тарапқа қатысты барлық даулы мәселелерді толық реттегенге дейін қолданылуын жалғастырады.

## **25-бап. Конвенцияға қосылудың тәртібі**

Осы Конвенцияға ол күшіне енген соң барлық Тараптардың келісімімен басқа мемлекеттер осындай қосылуы туралы құжаттарын депозитарийге беру жолымен қосыла алады. Қосылу депозитарий Тараптардың осындай қосылуға келісуі туралы соңғы құлақтандыруын алған күннен бастап 30 күн өтуі бойынша күшіне енген болып есептеледі.

## **26-бап. Конвенциядан шығудың тәртібі**

Әрбір Тарап осы Конвенциядан шығуына дейін 12 айдан кешіктірмей бұл туралы депозитарийге жазбаша құлақтандыру жолдай отырып шыға алады.

## **27-бап. Конвенцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізудің тәртібі**

Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша осы Конвенцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## **28-бап. Конвенцияны түсіндіруге байланысты дауларды шешу**

Осы Конвенцияны түсіндіруге байланысты даулы мәселелер Тараптардың консультациялар алысуы немесе Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Экономикалық Сотына жүгінуі жолымен шешіледі.

1997 жылы 28 наурызда Мәскеу қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы



Хатшылығында сақталады, ол осы Конвенцияға қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Әзірбайжан Республикасы үшін	Молдова Республикасы үшін
Армения Республикасы үшін	Ресей Федерациясы үшін
Беларусь Республикасы үшін	Тәжікстан Республикасы үшін
Грузия үшін	Түркменстан үшін
Қазақстан Республикасы үшін	Өзбекстан Республикасы үшін
Қырғыз Республикасы үшін	Украина үшін

**Армения Республикасының  
Инвестордан құқықтарын қорғау туралы конвенцияға  
Ерекше пікірі**

1. 10-баптағы бірінші сөйлемнің соңы: "Тараптардың келісімі болуы кезінде басқа немесе валютада" деген сөздермен толықтырылсын.

2. 11-бап мынадай редакцияда жазылсын: "Инвестициялардың шыққан елі мен реципиент елдің арасындағы осы Конвенцияның шеңберінде туындаған даулар, егер инвестицияларды қорғау туралы екітарапты келісім бойынша өзгеше тәртіп көзделмесе, реципиент елдің заңдары бойынша шешіледі".

3. 16-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: "Тараптар жекешелендіру жүргізуі кезінде мынадай ақпаратпен алмасады", бұдан әрі мәтін б о й ы н ш а .

Осымен беріліп отырған мәтіннің 1997 жылы 28 наурызда Мәскеу қаласында болған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Кеңесінде қабылданған Инвестордың құқығын қорғау туралы конвенцияның бірдей көшірмесі болып табылатындығын куәландырамын. Жоғарыда аталған Конвенцияның түпнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы Кеңесінде сақталады.

*Тәуелсіз Мемлекеттер  
Достастығы Атқарушы*

*Хатшысының орынбасары*